

Шыңғырау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 10 тамыздағы № 31-8 "

Шыңғырау ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсете Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырау аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 8-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қаңтарда № 3156 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 17-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырау аудандық мәслихатының 10.10.2013 № 17-3 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсете ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес және Батыс Қазақстан облысы Әділет Департаментінің 2012 жылғы 21 қарашадағы № 4-5420 ұсынысының негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Шыңғырау аудандық мәслихатының "Шыңғырау ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсете Қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 10 тамыздағы № 31-8 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-13-131 тіркелген, 2010 жылғы 2 қазандағы "Серпін" аудандық газетінде № 39 жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген Шыңғырау ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсете Қағидасында:

4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын

шығыстаға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқаруши орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқаруши орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстаяға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстаяға арналған шығыстарға, жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматының) жиынтық табысынан бес пайыз мөлшерінде, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарқа тәулік уақыты бойынша электрэнергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электроэнергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын елу пайыз мөлшерінде, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, сонымен қатар телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақыны ұлғайту бөлігіндегі байланыс қызметі үшін шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматының) жиынтық табысынан бес пайыз мөлшерінде белгіленеді .

" ;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармағымен толықтырылсын: "4-1). Аталған жерлерде тұракты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын

ғимаратты) күтіп-ұстaugа арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстaugа арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыйныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыйныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге, жеткізушилер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрестіледі.";

5 тармақ алынып тасталсын;

9 тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыйныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Сессия төрағасы*

*Ж. Рауилов*

*Мәслихат хатсышы*

*T. Қалмен*